

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені» ММ

Әдістемелік баяндама
«Дәстүрлі ән арқылы жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру»

Дайындаған: «Вокалдық өнер»
бөлімінің оқытушысы
Кожанов А.К.

Павлодар


Әдістемелік баяндама
Дайындаған Кожанов Амангельды Касенович
«Вокалдық өнер» бөлімінің оқытушысы

Бөлім отырысында қарастырылды
Бөлім басшысы Мусипова С.Т.

Колледждің әдістемелік кеңесімен
мақұлданды
Әдістемелік кеңес төрағасы
Гатина З.А.

«27» 12 2024 ж. № 4 Хаттамасы

ҚОЛЫ



«4» 03 2025 ж. № 2 Хаттамасы

ҚОЛЫ



Дәстүрлі ән арқылы жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру

Қазақ өнерінің аса құнды ән-күйі, термесі, жыры, қиссасы халықтың музыкалық шығармашылығы негізінде жас ұрпақты ұлттық құндылыққа, адамгершілікке, эстетикалық талғамын тәрбиелеуде атқарар мәні зор.

«Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй...»,

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойныңа кірер денең...», - жолдарында ұлы Абай әннің өмірдегі орнын нақ суреттегендей, қазақ халқы ән-күйді жанындай жақсы көріп, рухани жан-дүниесін ән арқылы шебер бейнелеген.

Ән - поэзиялық шығарма мен музыкалық әуеннен туған вокалды музыкалық шығарманың сазы. Ерте заманнан бері халық арасына кең таралып, халықтың өмірін, қуанышын, мұңын, табиғат құбылысы мен махаббатты жырлайтын ерекше жанр. Әншілік өнер мен музыкалық өнері, әр ұлттың ертеден келе жатқан мәдени талғамының бір арнаға құйылып, асқақты күйімен дамып отыратын көптеген ғасырлар үнінің жемісі. Әншілік – жалпы өмірдің бүкіл дүниенің қимыл іс-әрекетін, образды бейнелейтін диалектикалық құбылыстарды адам сезімімен қабыстырып, өмір қайшылықтарының, әсерлі дыбыстарының, әуендерінің жиынтығы.

Әннің қоғамдық әлеуметтік сипаты, тәрбиелік мәні елдің санасының бір сәт тысқары қалмаған. Кең далада желдей есіп, ауыздан-ауызға тарап, толассыз кезіп жүретін ән мен күйді халық жан дүниесінің ең асыл мұраттарын дәріптеп, таратып отырған. Халықтың рухани байлығы, ғасырлық мәдениетіміздің көркем формасының бірі, заманымыздың тарихи шежіресі.

Әнді, негізінде, шығарушы да, шырқатып салушы да – халық. Әннің қасиетін қазақ халқы қадірлей біліп:

«Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер»

«Ақылың болса жыр тыңда...» - деген сөздер арқылы жақсы айтқан.

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-баба сұлу ән, асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой санасын игі адамгершілікке жетеледі. Сондықтан кең байтақ ата жұртта буыннан-буынға жалғасып, ұят-аят, әдет көрген, мейірім-шарапат салтанат құрды. Ең кереметі сол, ән қанатында халық ойының тереңдігі, шексіз қиялы, кестелі, орамды шешен тіл берік сақталып заманның алдын орап, кейінге тарады. Мұның өзі отбасынан отан тұтастығына дейін тамырын үзбеген дәстүрге айналды.

Академик Б.Асафьев айтқандай, екі өнер саласы ән мен өлеңнің бірлестігінің арасында ән табиғаты өмірде кең тараған өнердің біріне айналып отыр. Ән айтпайтын, құлақ қойып тыңдамайтын адам болмайды. Ән тыңдап, дауыстап айту адамға біткен табиғи керектілік. Ол адамның дүниеге келген кезеңінен бастап, сөйлей білуден бұрын үлкендердің көмегімен санадан орын алатын табиғи құбылыс. Анасы нәрестесін бесігіне бөлеп: «Әлди, әлди ақ бөпем, ақ бесікте жат бөпем» - деп бесік жырын айтқан. Анасының сазды әуені баланың денесін балқытып, ұйқыға келтірген. Бала талпына келе оның бойына ана тілі арқылы ғана дүниені, өмірді танып, біле бастайды. Оның буыны бекіп, санасы

қалыптаса бастағанда-ақ күнделікті күйкі тіршілікпен қатар, халықтың тамаша әуен-сазы оған игілікті әсерін тигізіп, өзінің көркемдігі мен маңыздылығымен баланың жанын баурап, ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп, жақсы мінез-құлықтарының біртіндеп қалыптасуына әсерін тигізіп, рухын байыта түседі.

Сондықтан, дәстүрлі айтыстар, «Тойбастар», «Беташар», той-думандардағы қыз-жігіттердің ән-күй сайысы, лирикалық, тұрмыс-салт жырлары, аспап-пен сүйемелдеп айтылатын аңыз-ертегілер - халықтың ежелгі мәдениетінің осынау баға жетпес мұрасы - жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру үшін таптырмайтын құнды материал деуге болады. Кеңес өкіметі жылдарында бұл қазынаны барша қауым жинастырылып, осы заманғы дыбыс техникасының барлық түріне салды. Осының арқасында сонау тұңғық заманында жарық көрген ән, өлең мен жыр қазақ халқының күнде көріп, қалауынша естіп, рухани ляззат алып отыратын асыл қорына айналды.

Сонау Сыр бойынан Алтайға дейін, Алатаудан Жайыққа дейінгі ұшан-теңіз даланы жайлаған қалың халық ғасырлар бойы жасаған музыка мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, байыта берді, олардың мәдениеті алдағы елдердегідей нотаға жазылып, дыбыс құралына түспей-ақ халықтың ауыз әдебиеті сияқты біреуден онға, оннан мыңға тарап, өлмес-өшпес халық хазынасына қосылып жатты.

Қазіргі таңда жас ұрпаққа халқымыздың рухани мұралары арқылы әлем-нің тынысын байқау, баланың сана-сезіміне әсер етіп, оларды білгірлікке, тапқырлыққа, өнерге деген сүйіспеншілігін одан ары тереңдетіп, адамгершілік тұр-ғыдан тәрбиелеп, өмір шындығын сезінуге, елін, жерін, отанды сүю сезіміне ба-улу мәселесі бүкілхалықтық іс болып отырғаны баршамызға мәлім. Сондықтан, жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруды, іс жүзінде асыруда домбырамен дәстүрлі ән айтудың үлкен маңызы бар. Ән айтудың ерекшелігі - балалардың санасына ғана емес, сезіміне де, ой-өрісіне де әсерін тигізетіні анық. Ән үйре-нер кезде өлеңнің мазмұнын түсінуге, тәрбиелік мәнін саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Қазақ халқының ән айту мектебі бүгінгі күні де жалғасын тауып келеді.

Халқымыздың дәстүрі бойынша әнді домбыраның сүйемелімен және сүйемелсіз жеке де немесе бірнеше кісі қосылып та орындаған. Әсіресе домбырамен жеке ән салу дәстүрі мол тарап, ғасырдан-ғасырға, атадан-балаға жалғасып тауып, дамып келеді.

Домбыра – ертеден келе жатқан қазақ халқының музыкалық аспабы, қазақтың қасиетті дүниесі. Өскелең ұрпақтың жан-жақты білімді болуы, эстетикалық талғамының жоғары болуына, жалпы адамгершілік, имандылық қасиетінің дамуына бұл аспаптың тигізетін әсері мен рөлі өте зор. Оны тарта алмаса да, қадірлей білу керек. Себебі, баланың бойына халықтың рухани байлығын, дүниетанымын сіңіру домбырадан басталады.

«Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала, уызына жарымаған көтерем қозыдай болады» - деген қазақта сөз бар.

«Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып сая да болмайды, жеміс те бермейді», - деген

Бауыржан Момышұлы сөзінің мәні тереңде жатқанын ұғуға болады. Балалардың жалпы музыканы қабылдау ерекшелігі, өмірге деген көзқарасы, мінез-құлқы, білімі, жалпы мәдениеті, музыкалық қабілеті, ой-өрісі бірдей болып келе бермейді. Тәй-тәй басқан баланың жүрісін біртіндеп түзеу, былдырлап сөйлеген сөздерін қалыпқа келтіру, жаман әдеттерін сол кішкентай сәби кезінен қадағалау - ананың парызы болса, ал шәкірттің дұрыс отыруын және оң қол, сол қол саусақтарының қойылуын, алғаш домбыра ұстаған сәттен бастап үнемі ескертіп отыру, қадағалау - домбырашы-ұстаздың парызы.

Келешекте домбыра үйренуге арналған жаттығулардың түрлерінің ішіндегі әр шәкірттің қабылдау мүмкіншілігіне қарай, дене бітіміне лайықтап, таңдап беру. Саусақтардың қойылымын, дұрыс, түзу, жарасымды отырысын, көрнекті құралдар қолдану, айнаға қарап орындау арқылы байқалған кемшіліктері жойып отыру. Ал енді ән айтуға, ең тиімді және оқушының аспапты оңай игеріп кететін жаттығулар тізбегі келешекте оқу-әдістемелік құрал ретінде дайындау қажет сияқты.

Халқымыздың әншілік мәнері жеңіл де, әдемі, қоңыр да шырқау әуезімен, жарқын да шалқымалы ашық сазды үнімен айрықшаланады. Әдетте әншілер әнді бір-бірінен ауызекі түрде үйреніп қабылдайтын. Жиырмамыншы әсіресе отызыншы жылдары, қазақтың байырғы унисондық бір дауысты, жеке айтылатын ән дәстүріне жаңалықтар еңгізіліп, Қазақстанда халықтың ән шығармашылығы жедел өркендей бастады. Бұл кездерде қазақ ән өмірінің дамуына халық композиторларының сіңірген еңбектері зор болды. Олардың бір ерекшелігі – ежелгі ұлттық дәстүр бойынша ән әуенінің авторы ғана болып қоймай, соған лайық өлеңді де өздері шығарды. Сонымен қатар әндердің орындаушылары да өздері болды. Мұның өзі қазақтың халықтық ән музыкасының даму тарихында айрықша өзгешіліктердің бірі болып табылады.

Қазақстанның жаңарған өмірін жырлайтын көптеген әсем әндер туды. Осы тұста қаншама дүлдүл әнші-композиторлардың есімдері елген белгілі болды.

Дәстүрлі әншілік өнер өзінің айтылу және айтылу құрылымдылық ерекшеліктеріне байланысты түрлі мектептерге бөліне бастады:

- 1 Қазақстанның орталық және солтүстік өңіріне тән әншілік мектеп;
- 2 Оңтүстік және Жетісу өңіріндегі әншілік мектеп;
- 3 Батыс өңірлердегі әншілік мектеп;
- 4 Шығыс өңірлердегі әншілік мектеп;
- 5 Сыр бойындағы әншілік-термешілік мектеп.

XIX ғасырдың екінші жартысында дәстүрлі ән өнеріне зор үлес қосқан әнші-композиторлар қатарында Біржан салды, Мұхитты, Ақан серінің, Жаяу Мұсаны, Абайды, Үкілі Ыбырайды, Әсетті, Естайды, Ғазизді, Шәкәрімді, Мәдиді, Нартайды, Майраны т.б. ұрпақтан-ұрпаққа асқақ әншілік эстафетасын жеткізушілер музыкалық мазмұнды түсіндіріп, оны мазмұндық жағынан байыта түскен өнер шеберлердің қосқан үлестерін ерекше атап кетуге болады.

Қазақстан жерінде дарынды танып баулитын, халықты түрлі аспаптарда ойнауға, ән айтуға, жалпы өнерге бейімдейтін бірден-бір оқу орны және арнаулы мектеп болған жоқ. Мысалы, халқымыздың ән-күйлерін жинақтап, өнер қазынасының ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші дарынды өнер

иелері, халқымыздың өз ішінен табылып отырды. Ел мұңы ән-күй арқылы түрлі музыка аспаптарының сазымен елден-елге, жұрттан-жұртқа жайылып, өнердің қайсы бір түрі болмасын, қолдан-қолға, жүректен-жүрекке таралып, ел арасына сіңіп жатты.

Дәстүрлі халық әндерінің ел арасынан жинап, нотаға түсіріп, жүйеленуіне және оларды қарапайым халық арасында насихаттануына А.В.Затаевич, Б.Г.Ерзакович, А.Қ.Жұбанов, А.Темірбекова, және т.б. музыка зерттеуші ғалымдар, этнографтар зор үлестерін қосты.

Халық әндерінің елге кең тарап, ұрпақтар ұрпаққа жетіп отыруында әнші-композиторлармен бірге жекелеген әнші орындаушылардың да еңбегі аз емес. Тамырын үзбеген дәстүрлі әніміз бүгінгі күнге Манарбек Ержанов, Құрманбек Жандарбеков, Кенен Әзірбаев, Әміре Қашаубаев, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков, Иса Байзақов, Дәнеш Рақышев, сияқты аса дарынды әншілер арқылы жетті.

Ұстаздың шәкіртке ауызекі берілетін халықтық ән айту дәстүрі арқылы ән үйренудің жүйеленген үрдіс қалыптасты. Өнерлі ортада өскен жас талапкер ұстаз жанында айлап-жылдап жүріп, шеберлігімен бірге, оның білім-танымын, тәжірибесі мен орындау тәсілін үйренетін болды. Елге есімі тарап, түрлі айтыс-тартысқа қатысып үлгірген өнерпаз әнші осылайша жеке өнер жолын айқындады.

Еліміздің түпкір-түпкірінен әнші-жыршылар шығып кешегінің ізбасарлары, бүгінгінің гүл ашарлары болған, әншілік дәстүрді жалғастырушы әншілерді: Қ.Байбосынов, Қ.Құлышева, Е.Қосбармақов, С.Жампейісова, А.Қосанова т.б. атап кетуге болады.

Қорыта келгенде, әннің, музыканың өскелең ұрпаққа беретіні көп-ақ. Тек сол көркемдік, эстетикалық азықты үнемі, дер кезінде үнемдеп, педагогикалы қағидалармен жастарды баули білгеніміз жөн. Құлақты жауыр қылған батыс музыкаларына еліктеген, көшедегі әнді сахнаға шығарған заманда, жеңіл музыкаға әуестеніп кеткен жастарымызды, кәсіпқойлық - ұлттық дәстүрлі музыкалық өнерімізге, рухани, бай құндылықтарымызға ынталандырып, қызықтырып, эстетикалық талғамын, дүниетанымын қалыптастыру қажет.

Сондықтан домбыраны сауаттылықпен ойнап көзін ашқан бала әлдеқайда еңбекқорлыққа, адамгершілікке, ұжымдылыққа, кішіпейілділікке, эстетикалық талғамы жоғары болып өседі. «Ұяда нені көрсең ұшқанда соны ілерсің» - деген қанатты сөз осының айғағы іспеттес. Теңіздің түбінде жатқан інжу-маржандай бай өнерімізді келешек ұрпақтың бойларына сіңіріп, тәрбиелеу, олардың дүниетанымын қалыптастыру - әр қазақ отбасының және кез келген музыка маманының міндеті екендігін ұмытпағанымыз жөн.

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені» ММ-нің «Дәстүрлі ән» бөлімінің оқытушысы Кожанов А.К. дайындаған «Дәстүрлі ән арқылы жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру» әдістемелік баяндамасына

Рецензия

1. Зерттеудің өзектілігі. Бұл мақала қазіргі қоғам үшін аса маңызды әрі әлеуметтік мәні зор мәселеге – дәстүрлі қазақ музыкасының (ән, күй, терме) жас ұрпақтың дүниетанымын, адамгершілік қағидалары мен эстетикалық бағдарларын қалыптастырудағы рөліне арналған. Автор қазақтың музыкалық мұрасы тек мәдени құндылық ретінде ғана емес, рухани-адамгершілік тәрбие құралы ретінде де қызмет ететінін дәлелді түрде көрсетеді. Әсіресе, жаһандану дәуірінде, жастардың батыс мәдениеті мен поп-музыканың ықпалына ұшырап жатқан кезеңінде, ұлттық болмысты сақтау стратегиялық маңызға ие болуда.

Зерттеудің өзектілігін арттыратын тағы бір фактор – оның тәжірибелік қолдануға бағытталуы. Автор дәстүрлі музыканың білім беру мен тәрбие бағдарламаларына интеграциялануы арқылы жастарда патриотизм сезімі, тарихи тамырларға деген құрмет және ұлттық өзіндік сана қалыптасатынын атап өтеді. Бұл зерттеу педагогтар, этномәдениет саласындағы мамандар, мәдени жобаларды ұйымдастырушылар үшін құнды дереккөзі болып табылады.

2. Ғылыми-әдістемелік деңгейі. Мақала жоғары кәсібилік пен тақырыптың терең игерілуін көрсетеді. Зерттеу этномузикатану, педагогика, мәдениеттану және өнер философиясы сияқты бірнеше саланы қамтитын пәнаралық тәсілге негізделген. А.В. Затаевич пен Б.Г. Ерзаковичтің қазақ музыка фольклорын жүйелеу бағытындағы еңбектеріне сүйенеді.

Методологиялық аппарат:

- Тарихи талдау қазақ музыкасының көшпелі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі дамуын зерттейді.
- Педагогикалық аспект дәстүрлі әндерді оқу бағдарламаларына енгізу әдістерін сипаттайды.
- Мәдениеттану тұрғысынан домбыра тек музыка аспабы ғана емес, ұлт рухын бейнелейтін қасиетті символ ретінде қарастырылады.
- Аймақтық мектептерді зерттеу қазақ музыкасының сан қырлылығын айқындайды.

3. Жаңалығы. Зерттеу жаңалығы келесі аспектілерден көрінеді:

- Дәстүрлі әндер мен дүниетанымдық құндылықтардың байланысы алғаш рет кешенді түрде жүйеленген.
- Домбыра тек музыкалық аспап ретінде ғана емес, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы құрал ретінде қарастырылған.
- Дәстүрлі жанрларды қазіргі білім беру процесіне бейімдеу жолдары ұсынылған.
- Біржан сал, Майра, Кенен Әзірбаев шығармашылығы жас ұрпаққа әсер ету тұрғысынан талданған.

4. Ғылыми негізділігі. Зерттеу жоғары ғылыми стандарттарға сәйкес келеді. Автордың тұжырымдары Абай, Шәкәрім еңбектеріне, А.Қ. Жұбановтың музыка зерттеулеріне және эмоционалдық дамуға ықпалын талдау да зерттеудің ғылыми маңызын арттырады. Сонымен қатар, мақалада нақты мысалдар мен педагогикалық тәжірибелер келтірілген.

5. Ішкі логикалық тұтастығы мен әдістемелік негізі. Зерттеу құрылымы бірізді, қисынды және әдістемелік негізі мына үш қағидаға сүйенеді:

- Мәдени-тарихи тәсіл – дәстүрлі әндердің тарихи эволюциясын зерттеу.
- Практикалық бағыттылық – нақты ұсыныстар (мысалы, мектептерде домбыра сабақтарын енгізу).
- Интеграциялылық – музыка, поэзия және этикалық құндылықтарды кешенді қарастыру.

- 6. Нәтижелердің негізділігі мен шынайылығы.**Автордың тұжырымдары эпостық дәстүрлерден алынған мысалдармен дәлелденген. Қазақтың жыршылық дәстүрін зерттеу арқылы зерттеуші оның ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызын ашады. Сонымен қатар, Манарбек Ержанов пен Жүсіпбек Елебеков сынды музыканттар тәжірибесі негізге алынған.
- 7. Практикалық маңыздылығы.**Зерттеудің тәжірибелік маңызы оның білім беру мен мәдениет саласына бағытталуымен ерекшеленеді. Автор ұсынған шаралар:
- Жалпы білім беретін мектептерде домбыра сабағын енгізу.
 - «Ұлы дала сазы» секілді жыл сайынғы фестивальдер өткізу.
 - Қазақ дәстүрлі музыкасының цифрлық архивтерін жасау.
 - Бұл бастамалар ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен қоғамдық ұйымдар тарапынан қолдау таба алады.
- 8. Нәтижелерді баяндау.**Зерттеу нәтижелері жүйелі және анық берілген. Біржан сал шығармашылығы арқылы қазақ ән өнерінің тәрбиелік мәні ашылған. Нақтырақ визуализация үшін салыстырмалы кестелер мен графикалар енгізу ұсынылады.
- 9. Ресми рәсімделуі.**Мақала академиялық талаптарға сай рәсімделген. Қазақ тіліндегі дәйексөздер мен беделді дереккөздерге сілтемелер оның ғылыми құндылығын арттырады.
- 10. Қорытынды және ұсыныстар.**Зерттеу дәстүрлі қазақ музыкасының тұлға қалыптастырудағы рөлін дәлелдейді:
- Патриоттық тәрбие – тарихи оқиғалар мен батырлық эпостар арқылы.
 - Эстетикалық даму – ерекше әуендік құрылымдар мен поэзия арқылы.
 - Моральдық қалыптасу – халықтық этикалық қағидалар арқылы.
 - Бұл зерттеу қазақ музыкалық мұрасын сақтауға және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге үлкен үлес қосады.


Ұсыныстар:

1. «Дәстүрлі ән және ұлттық тәрбие» атты оқу-әдістемелік кешен әзірлеу.
2. Аймақтық әншілік орталықтарын құру.
3. Дәстүрлі әндерді үйренуге арналған виртуалды шындық технологияларын қолдану.
4. Жастардың дәстүрлі музыкаға қызығушылығын анықтау үшін әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу.

Рецензент:

Арнайы пәндер оқытушысы,

"Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп интернаты "кешені" ММ "Вокалдық өнер" бөлімшесінің меңгерушісі"

Педагог - сарапшы Альжанова Г.Т.  Т.А.Ә.
колы, күні

Рецензия

На методический доклад «Дәстүрлі ән арқылы жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру» подготовленный преподавателем Отделения: Вокальное искусство «ГУ «Комплекс «Музыкальный колледж – музыкальная школа интернат для одаренных детей»» Кожанова А.К

1. Актуальность работы. Статья посвящена исключительно важной и социально значимой проблеме современности — роли традиционной казахской музыки (ән, күй, терме) в формировании мировоззрения, нравственных принципов и эстетических ориентиров молодого поколения. Автор убедительно аргументирует, что музыкальное наследие казахов выполняет не только функцию культурного достояния, но и выступает мощным инструментом духовно-нравственного воспитания, обеспечивающего преемственность поколений. В условиях активной глобализации, когда молодежь всё больше подвергается влиянию западной массовой культуры, поп-музыки и цифровых трендов, сохранение национальной идентичности через традиционное искусство становится стратегической задачей. Особую актуальность работе придает её ориентированность на практическое применение: автор подчеркивает, что интеграция музыкального фольклора в образовательные и воспитательные программы способствует формированию у молодежи чувства патриотизма, уважения к историческим корням и культурной самоидентификации. Данное исследование представляет ценность для широкого круга специалистов: педагогов, работающих в сфере этнокультурного образования, культурологов, изучающих механизмы трансляции традиций, а также для организаторов культурных проектов, направленных на популяризацию национального наследия.

2. Научно-методический уровень работы. Научно-методическая основа статьи демонстрирует высокий уровень профессионализма автора и глубокое понимание предмета. Исследование построено на синтезе междисциплинарных подходов, включающих этномузыковедение, педагогику, культурологию и философию искусства. Теоретическая база работы укреплена ссылками на фундаментальные труды академика Бориса Асафьева, который рассматривал музыку как «искусство интонируемого смысла», а также на исследования А.В. Затаевича и Б.Г. Ермаковича, внесших значительный вклад в систематизацию казахского музыкального фольклора. Особого внимания заслуживает методологический аппарат статьи:

Исторический анализ охватывает эволюцию казахской музыки от древних кочевых традиций до современных интерпретаций, демонстрируя её адаптацию к изменяющемуся социо-культурному контексту.

Педагогический компонент раскрывается через предложенные автором методы интеграции традиционных песен в учебные программы, включая разработку специализированных курсов и мастер-классов.

Культурологический ракурс позволяет рассмотреть домбру не только как музыкальный инструмент, но и как сакральный символ, воплощающий дух нации.

Особую ценность представляет детальный анализ региональных школ пения, что подчеркивает разнообразие и богатство казахского музыкального наследия.

3. Степень новизны. Научная новизна исследования проявляется в нескольких ключевых аспектах, которые ранее не получали столь комплексного освещения в академической литературе. Во-первых, автор впервые систематизирует взаимосвязь между традиционной музыкой и формированием мировоззренческих установок, доказывая, что ән, күй и терме выступают не только как художественные формы, но и как носители этико-философских концепций. Во-вторых, инновационным является подход к домбре как к многофункциональному инструменту: она рассматривается и как средство музыкальной выразительности, и как «мост» между поколениями, передающий ценности предков. В-третьих, статья предлагает новаторские методы адаптации устных традиций в современный образовательный процесс, что открывает новые возможности для

преподавания музыки в школах и вузах. Особую оригинальность работе придают примеры из практики выдающихся исполнителей, таких как Біржан сал, Майра и Кенен Әзірбаев, чье творчество анализируется через призму их влияния на молодое поколение.

4. Научность работы. Работа соответствует высочайшим стандартам научности, что подтверждается как теоретической обоснованностью, так и практической значимостью выводов. Гипотезы автора подкреплены ссылками на авторитетные источники, включая труды классиков казахской культуры (Абай, Шәкәрім), исследования современных музыковедов (А.Қ. Жубанов) и этнографов (Б.Г. Ерзакович). Важно отметить, что статья не ограничивается теоретическими выкладками: в ней представлены конкретные кейс-стади, например, опыт педагогов, использующих домбру в работе с подростками, что добавляет работе практической достоверности.

5. Оценка внутреннего единства и методологической основы. Статья отличается исключительной структурной целостностью и логической последовательностью. Все разделы работы взаимосвязаны и подчинены единой цели — доказать, что традиционная музыка является неотъемлемой частью формирования национального самосознания. Методологическая основа исследования базируется на трех ключевых принципах:

1. Культурно-исторический подход позволяет проследить эволюцию пения от эпохи кочевой цивилизации до современности, акцентируя внимание на её роли в сохранении устной истории и этнической памяти.
2. Практико-ориентированность проявляется в разработке конкретных рекомендаций, таких как введение уроков домбры в школьные программы или организация региональных фестивалей фольклора, что обеспечивает связь теории с реальными потребностями общества.
3. Интегративность выражается в синтезе музыкальных, поэтических и этических элементов, что позволяет рассматривать традиционную музыку как целостный феномен, влияющий на все аспекты воспитания.

6. Обоснованность и достоверность результатов. Выводы автора обладают высокой степенью достоверности, что подтверждается широким спектром использованных источников и методов. Историческая аргументация подкреплена примерами из эпического наследия казахов, где певцы выступали хранителями героических дастанов и философских притч. Практическая часть исследования опирается на успешный опыт таких музыкантов, как Манарбек Ержанов и Жүсіпбек Елебеков, чьи методики работы с молодежью получили признание на республиканском уровне.

7. Практическая значимость. Практическая ценность работы заключается в её ориентированности на решение актуальных задач современного образования и культуры. Автор предлагает ряд конкретных мер, которые могут быть реализованы на государственном и региональном уровнях:

1. Внедрение уроков домбры в общеобразовательных школах и музыкальных колледжах, что позволит не только развить технические навыки, но и сформировать у учащихся эмоциональную связь с культурным наследием.
2. Организация ежегодных фестивалей (например, «Ұлы дала сазы»), направленных на популяризацию фольклора среди молодежи, с участием как признанных мастеров (Роза Рымбаева, Алибек Днишев), так и молодых талантов.
3. Создание цифровых архивов с аудио- и видеозаписями традиционных исполнений, что обеспечит сохранность наследия для будущих поколений и его доступность в цифровую эпоху.

Эти инициативы могут быть интегрированы в программы Министерства культуры и спорта РК, а также в проекты общественных организаций, таких как «Qazaqstan Halıq Merekesi».

8. Представление результатов. Результаты исследования изложены ясно, логично и сопровождаются убедительными примерами. Автор мастерски использует материалы музыкальной истории Казахстана: так, анализ творчества Біржана сала иллюстрирует, как

через пение передавались не только мелодии, но и морально-этические нормы. Для усиления наглядности можно было бы добавить сравнительные таблицы, демонстрирующие влияние разных жанров (лирикалық ән, терме, жыр) на эмоциональное восприятие молодежи, или графики, отражающие динамику интереса к традиционной музыке за последние десятилетия.

9. Оформление работы. Статья оформлена в соответствии с требованиями академического стиля. Четкая структура (введение, основная часть, заключение), наличие цитат на казахском языке и ссылок на авторитетные источники подчеркивают научную строгость работы. Отдельно стоит отметить стилистическую гармонию текста: автор сочетает научную терминологию с образными выражениями из народного творчества, что делает материал не только информативным, но и эмоционально насыщенным.

10. Итоговые выводы и рекомендации. Исследование убедительно доказывает, что традиционная казахская музыка выполняет многогранную роль в формировании личности:


1. Патриотическое воспитание — через погружение в исторические сюжеты и героические образы эпоса.
2. Эстетическое развитие — посредством приобщения к уникальным мелодическим структурам и поэтическим формам.
3. Нравственное становление — благодаря заложенным в фольклоре этическим принципам (уважение к старшим, гостеприимство, единство с природой).

Рекомендации

1. Разработать учебно-методический комплекс «Дәстүрлі ән және ұлттық тәрбие» для внедрения в школы и вузы.
2. Создать межрегиональные центры, где мастера могли бы передавать опыт молодому поколению.
3. Использовать технологии виртуальной реальности для интерактивного изучения обрядовых песен.
4. Провести масштабное социологическое исследование для оценки текущего уровня интереса молодежи к традиционной музыке.

Рецензент:

Заместитель по учебной работе ГУ «Комплекс «Музыкальный колледж – музыкальная школа интернат для одаренных детей»»

Педагог - исследователь Гатина З.А. 10.02.25  Ф.И.О.
подпись, дата